

Республика Премьер-министрінің орынбасары-Сауда және интеграция министрі Серік Жұманғарин бастаған үкімет делегациясы Қызылорда облысына жұмыс сапарымен келіп, әлеуметтік маңызды азық-түлік тауарларын өндіру және сату мәселелеріне арналған көшпелі жиын мен «Жері күрішті, елі ырысты – Қызылорда!» атты көрме-жәрмеңкесіне қатысты.



## БАҒА ТҰРАҚТАЛСА, КӨҢІЛ ОРНЫҒАДЫ

Премьер-Министрінің орынбасары-Сауда және интеграция министрі Серік Жұманғариннің Қызылорда облысына жұмыс сапары аясында әлеуметтік маңызды азық-түлік тауарларын өндіру және сату мәселелеріне арналған көшпелі жиын өтті. Жиынға республиканың 19 өңірі мен ірі қалаларынан 120-дан астам өкіл қатысты.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сыр өңірінде осындай үлкен шараның өткізілуі аймақтың басты өніміне қатысты екенін атап өтті.

Облысымыздың кейінгі жылдардағы серпінді даму қарқыны туралы білесіздер. Биыл жалпы инфляция деңгейі 104,8%-ды құраған болса, өткен жылдың сәйкес кезеңінде 108,8% болған еді. Бұл – еліміздегі баға тұрақтандыру бойынша қабылданған жаңа тәсілдердің оң нәтижесі. Біз баға тұрақтандыруда сауда желілерінен алшақтап, өндіріші құрылымдарға бетбұрыс жасадық. Бүгінгі ауқымды шарамыз, бастамамыз арқылы көздеген мақсатымыз – ішкі нарықта өнім өндірушілер мен өңірлердің әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялары арасында делдалсыз тікелей сауда қарым-қатынасын орнату, – деді аймақ басшысы.

Жиында орталық атқарушы органдар және барлық өңір әкімдерінің орынбасарлары, азық-түлік тауар өндірушілері әлеуметтік маңызды тауарлар бағасының қазіргі жағдайына қатысты баяндама жасады. Өзара тиімді форвардтық шарттар жасасып, «Тауарларды қадағалаудың ұлттық жүйесі» пилоттық жобасын таныстырды. Мұнан бөлек, мәжілісте экспорттық әлеует және даму перспективалары талқыланып, жергілікті атқарушы орган өкілдері халық кең тұтынатын өнімдердің бағасын тұрақтандыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарды баяндады.

2 БЕТТЕ

### СҰХБАТ

Дінмұхамед ЕРМЕКОВ, Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары:

## «Қаланың бәрін базар ете алмаймыз»

Қала әкімінің орынбасары Дінмұхамед Еркемов – елордадан елге қызмет етем деп келген жастың бірі. Бұған дейін бірнеше министрлікте қызмет сатысынан өтіп, жас та болса, мемлекеттік қызмет мектебінен өткен жаңа орынбасар қала дамуына недей жаңа бастама алып келді? Өзі жетекшілік ететін салада жаңашылдық лебі сезіле ме? Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары Дінмұхамед Еркемовпен сұхбаттасудың сәті түсті.

2 БЕТТЕ

### ШОЛУ

## «ВАГНЕР»: Мәскеуге жорық



Ресейде заты белгісіз бұлқыныс болды. Саяси сипаты не азаматтық соғысқа, не әскери төңкеріске келмейтін дүдөмал қимыл. Бүгін елді бір түнде бастырған қақтығыстың мәнін өзге тұрмақ, ресейліктердің өздері де түсініп үлгермеген секілді. Бар білетіні, «Вагнер» атауымен танымал ЖӘК (Жеке әскери компаниясы) сарбаздары Дондағы Ростовқа кіріп, елдегі

саяси элитаны жөнге салатынын мәлімдеген. Тіпті коллонна Мәскеуге бет түзеп, қарулы топ ел астанасына апаратын күре жолмен көктейтін. Жан-жаққа жамырай қашқан зиялы қауым мен тыныштық іздеген жұрт тағы да көрші елдерге ағалды. Алайда көп өтпей арыны қатты сарбаздар райынан қайтып, іс өзге ренкеке боялғанын байқаймыз. Сонымен істің мәні неде? Дүниені

3 БЕТТЕ



# Ақмешіт

27 маусым  
сейсенбі  
№51 (1958)  
2023 жыл

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

## апталығы

### КӘСІБИ МЕРЕКЕ

## ЖУРНАЛИСТЕР ҚҰРМЕТ ТӨРІНДЕ

Н.Бекезжанов атындағы облыстық музыкалық драма театрда БАҚ қызметкерлері күні мерекесіне орай «Қанатты қалам – 2023» салтанаттық шарасы өтті. Мерекелік жиынға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысып, Сыр журналистерін кәсіби мерекемен құттықтады.

Құрметті бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері және сала ардагерлері, сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын! Жаңалықтың жарысы, жақсылықтың хабаршысы болған, әрдайым қоғамдық ахуалдың алдыңғы шебінде жүретін, ақпарат кеңістігінде таңдаған мамандығына адал болып, ұстанымын өзгертпеген, қаламын қасиет тұтқан журналистер қауымына әркез айтар алғысымыз шексіз. Қазіргі заманды ақпаратсыз елестету қиын. Алаш ардақтысы Міржақып Дулатұлының «Қай елдің баспасөзі мықты болса, сол елдің болашағы мықты» деген сөзі күні бүгінге дейін маңызын жоғалтқан емес. Сыр өңіріндегі бұқаралық ақпарат құралдары билік пен бұқараның арасындағы алтын көпір ғана емес, сонымен қатар еліміздің толағай табысы мен зор жетістіктерінің жарысына айналдыңыздар. Ұлт болып ұйысуға, мемлекет болып ілгерілеуге бағытталған елдік шараларға, Мемлекет басшысының тапсырмасын жүзеге асыруға қосқан өлшеусіз үлестеріңіз үшін риясыз ризашылығымызды білдіреміз, – деді аймақ басшысы.



Мерекелік шарда Сыр журналистикасының ардагерлеріне, алдыңғы буын өкілдері мен жас журналистерге Ақпа-

Мереке қарсаңында Шәкізада Әбдікәрімовтей сақа қаламгер «Қызылорда облысының құрметті азаматы» атанды. Сондай-ақ БАҚ саласының бірқатар қызметкеріне түрлі номинация мен шпалажайға жолдама берілді.

Сонымен қатар дәстүрлі түрде жыл сайын өткізілетін С.Бермағамбетов атындағы байқау жүлдегерлері марапатталды.

Марапат төрінен көрінген әріптестер арасында Гауһар Қожахметова, Гүлмира Ділдәбекова, Айдана Сейілдей «Ақмешіт апталығының» да журналистері бар екенін біз мақтанышымен айтамыз.

Айта кетейік, бүгінде облыстың медиа кеңістігінде 148 бұқаралық ақпарат құралы бар. Оның 13-і мемлекеттік болса, 135-і тәуелсіз БАҚ. Олардың ішінде 120-сы газет, 25-і интернет сайт пен ақпарат агенттіктері. Сонымен қатар 3 телеарна бар. Аймақ көлемінде тіркелген БАҚ ішінде 137-і облыстық, 2-еуі қалалық, 9-ы аудандық деңгейде ақпарат таратады.

Салтанатты кеште Сыр өнерпаздары өнер көрсетіп, мерекелік көңіл-күй сыйлады.

«Ақмешіт-ақпарат»

### БРИФИНГ

ҚМДБ-ның Қызылорда облысы бойынша өкілі, «Ақмешіт-Сырдария» орталық мешітінің бас имамы Болатбек Әбуов пен облыстық дін істері басқармасының басшысы Бауыржан Қамзаев құрбан айт мерекесіне орай баспасөз мәслихатын өткізді.

## ҰЛЫҚ МЕРЕКЕДЕ ҚАЗАҚЫ ШАРАЛАР ӨТЕДІ



Облыстық дін істері басқармасының басшысы Бауыржан Хамзаев құрбан айт мерекесіне орай облыстағы аз қамтылған және әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар мен мұқтаж жандарға қайырымдылық көрсетілетінін жеткізді. Сондай-ақ күллі мұсылман халқын құрбан айт мерекесімен құттықтады.

Бас имам аймақта айт намазын оқу уақыты 06:00 болып бекітілгенін жеткізді.

Биылғы жылы да құрбан шалу онлайн www.qurban2023.kz сайты арқылы және офлайн форматта өтетін болады. Қызылорда қаласының діни рәсімі мешіттерде емес, дәстүр бойынша арнайы жасалатын «Нұрболат» (Т.Абуов, 29) және «ҚЗО ЕТ» (Қоқжиде, 56) қасапханалары таңдалып отыр. Арнайы құрбандыққа шалынған ет «Бақытты отбасы» орталығынан алынатын тізім бойынша, мұқтаж отбасыларға мешіт еріктілерінің көмегімен жеткізіледі – деді бас имам.

Онлайн форматты түсіндірер болсақ, құрбан шалушы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Құрбан шалу рәсімін қашықтан өткізуге арналған qurban2023.kz сайты арқылы құрбандық малын таңдап, көрсетілген реквизитке қажетті қаражатты аудару алады. Құрбандыққа қой мен ешкіні жеке адам, ал ірі қара мен түйені бір немесе жеті адам бірігіп шалса болады. Бұдан кейін төлем барысында хабарламаға тапсырыс нөмірі мен құрбандық шалушының аты-жөнін жазу міндетті. Құрбандық шалынған соң оның фото және бейне есебі тапсырыс беруші көрсеткен уатсап нөмірге жіберіледі.

Бас имам ұлық мейрамның құрметіне орай, облыстық, қалалық, аудандық мешіттер жанынан киіз үйлер тігіліп, дәстүрімізге сай думанды шаралар мен ұлттық ойындар, қайырымдылық акцияларын өткізуге әрі аудан орталықтарында да арнайы мал сою орындарын дайындап жатқандығын жеткізді.

НА.ЛТЫН

## МАСС-МЕДИА: ЖУРНАЛИСТ ҚАНШАЛЫҚТЫ ҚОРҒАЛҒАН?



Қоғамның қайсыбір саласы болсын қамын күйтеп, жоғын жоқтап жүретін журналистердің өздеріне де мәртебе керек сияқты. Бұл тақырып көп жылдан бері айтылып жүр. Десе де осыдан 2 жыл бұрын сенатор еді. Нұрғере Жүсіп Премьер-Министрге депутаттық сауал жолдап, онда журналистердің мәртебесін көтеру керектігін айтқан еді. Депутат төртінші билік өкілдерінің қоғамдағы орны заң жүзінде анықталмағанын мәлім еткен.

3 БЕТТЕ

## ЖУРНАЛИСТЕР ТЕПКЕН ДОП ҚАҚПАДАН ҚИЫС КЕТПЕЙДІ



Журналистер мерекесіне орай Қызылордада қаламгерлер арасында шағын футболдан республикалық турнир өтті. Қызылорда қаласының әкімдігі ұйымдастырған додаға Астана, Атырау, Түркістан, Шымкент, Қызылорда қаласынан барлығы 8 команда қатысты. Қызылорда қаласы әкімінің кубогі сарпақа салынған турнир биыл екінші мәрте өткізіліп отыр. Өткен жылы бастау алған журналистердің алаңдағы сайысы биыл да тартысты өтті.

4 БЕТТЕ



## ОРТАҚ ИГІЛІКKE БАСТАР ЖОЛ

Әр қаланың ерекшелігі бар. Тіпті архитектуралық шешім, тұрмысқа жайлы жағдай, инфрақұрылым деңгейі шаһардың әлеуметтік-мәдени көрсеткішінен хабар беретін тұсы көп. Қызылорда қаласындағы соңғы өзгерістердің басты себебі де осы өзгеріс пен жаңашылдыққа ұмтылу екені даусыз. Әсіресе орталық көшеде орналасқан тұрғын үйлердің қасбетіне әр берген құрылыс тұрғындардың ризашылығын тудырады.

2 БЕТТЕ

### Баспасөз-2023

## АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?

Баспасөзге 2023 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу жүріп жатыр. Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз төрінде тұрсын!

Жекелер үшін 6 айға – 2500 теңге, мекемелер үшін – 3500 теңге.

Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08.





